

**ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың 2020 жылғы IV тоқсандағы кәсіпорындар
мониторингінің нәтижелері туралы түсініктемесі**

Мониторинг нәтижелері инвестициялық белсенділіктің, өндіріс көлемдерінің төмендеуінен қаржылық жағдайы нашар кәсіпорындар үлесінің ұлғаюынан туындаған нақты сектордағы **экономикалық белсенділіктің төмен қарқынының сақталуын** көрсетеді.

Сонымен қатар, сұраныстың қалпына келуі, дайын өнім бағасының жедел өсуі, валюта бағамының өзгеруінен теріс әсердің азаюы және кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі байқалады.

2020 жылдың 4-тоқсанында нақты секторда дайын өнімге сұраныстың біртіндеп қалпына келуі байқалды, диффузиялық индекс (ДИ) **45,1-ден 49,3-ке** дейін өсті. Индекстің өсуі қызмет көрсету секторында (ДИ=47,2) және тауар өндіру секторында (50,6) байқалды. Кәсіпорындардың дайын өнімдеріне бағаның өсу қарқыны жеделдеді, ДИ **53,0-ден 57,9-ға** дейін өсті.

Өндіріс көлемі төмендеді, ДИ **51,4-тен 49,4-ке** дейін төмендеді, жалпы экономика бойынша сатудың орташа рентабельділігі 0,6 п.т. 21,4%-ға дейін төмендеді.

2020 жылдың 4-тоқсанында сауалнамадан өткен кәсіпорындардың **17,0%-ы** кредит алу үшін банкке өтініш білдірді, кәсіпорындардың **16,2%-ы** (немесе кредит алуға өтініш бергендердің **95,3%-ы**) кредит алды. Кәсіпорындардың басым көпшілігі (**82,3%**) айналым қаражатын қаржыландыруға (материалдар, шикізат, жартылай фабрикаттар және т.б. сатып алу) кредитті пайдаланды.

2020 жылдың 4-тоқсанындағы сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпорындардың **35,1%-ы** үшін Қазақстан экономикасының жай-күйі бизнес жүргізуге кедергі болып табылады. Қазақстанда бизнесті жүргізудегі **басқа да негізгі кедергілер** нарықтық бәсекелестік (**29,1%**), сатып алушыларды іздеу (**23,1%**), салық ауыртпалығының деңгейі (**22,9%**), білікті кадрлардың жетіспеушілігі (**15,0%**) болып табылады. Бұл ретте **қаржыландыруға қолжетімділік** (банктік кредиттеу талаптары) маңыздылығы бойынша жетінші орында (**13,1%**).

Композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) динамикасы, бұл – кәсіпорында жүргізілген сауалнамалардың жиынтық бағасы болып табылады, нақты сектордағы экономикалық қызметтің біртіндеп қалпына келу белгілерін көрсетті, КОИ **99,7-ге** дейін көтерілді. 2021 жылдың 1-тоқсанында респонденттер экономикалық белсенділіктің ақырындап өсуін күтуде (КОИ **100,4** болып, өсу саласына өтті).